

**Кіші №1 «Ақ тиін» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Қазан айы, ІІІ-апта (12.10-16.10.2020ж)**

Өтпелі тақырып: "Менің отбасым"

Апталық тақырып: "Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік"

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету, сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 12.10.2020	Сейсенбі 13.10.2020	Сәрсенбі 14.10.2020	Бейсенбі 15.10.2020	Жұма 16.10.2020
Балаларды қабылдау Ата аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналармен балалармен амандасу, Балалардың тазалығы мен дене жарақаты жоқ па тексеру. Дене қызуларын өлшеп, тексеріп алу.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		"Ойыншықтар" Біздер де бар қуыршақ Бұзау қозы құлыншақ Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. Қуыршақтар ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы, құлыншақ "Ұйықта" десен ұйықтайды. Тындамайды ұрысса Осынысы дұрыс па? Тентектігін қоймаса Тұрғызамыз бұрышқа.	Құрылыс ойындары: «Көлікке гараж құрастырамы» Мақсаты: құрылыс материалдарының көмегімен көлікке гараж құрастыруға үйрету.	Психологиялық жаттығу. Жылқы-мылқы, Ойын-күлкі, Сиыр-миыр, Ешкі-мешкі Қозы-мозы Торғай-морғай, Қос сөздер осылай. Оңға атта. Түйе-мүйе, Қой-мой Сол жаққа	Саусаққа жаттығу Алақанды қыттықтай отырып, айту. Қуыр, қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш. Бас бармақ Балаң үйрек Ортан түйрек Шылдыр шүмек Кішкене бөбек Сен тұр- қозына бар. Сен тұр- лағыңа бар. Сен тұр- бұзауына бар. Ал, сен, алаңдамай Қазан түбін жалап, үйде жат!	Дидактикалық ойын: "Биік аласа" Мақсаты: Балаларға заттың көлемін анықтайтын "биік-аласа" ұғымымен таныстыру. Топтағы балалардың бойын салыстыру арқылы түсіндіру.
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені №3				

Ұясы		Асты тауысып ішуге, үстелде дұрыс отыруға, астан соң ауыз қуыстарын сумен шаюға дағдыландыру. Майлықты дұрыс қолдануларын қадағалау. Астан соң алғыс айтқызуларын үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	<p>Дидактикалық ойын: "Қуыршаққа арнап бөлме дайындаймыз" Мақсаты: Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру, жиһаздарды ажырата білуге, атауға үйрету. Олардың не үшін қажет екенін айту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?" Мақсаты: Балаларға мамандық туралы түсіндіру. Олардың қызметтерін айту арқылы сөздік қорларын дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын: "Алақанды қойып секір" Мақсаты: Балаларды қос аяқтап, биікке секіруді үйрету. Тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауды қалыптастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Көкөністі таны да, ата" Мақсаты: Балаларды көкөністер туралы мағлұмат беріп, оларды атауға үйрету.</p>	<p>Қимылды ойын: "Сызықты басып кетпе" Мақсаты: Балаларды еңбектеуге үйрету, тепе-теңдікті сақтауды қалыптастыру.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	9.15-9.45	<p>"Қатынас" 1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді» (ыдыстардың қауіпсіздігі) Мақсаты: Ыдыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттар мен қауіпсіз жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету, балаларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. "Шығармашылық" 2. Сурет салу Тақырыбы: «Көше шамдары» (саусақпен сурет салу) Мақсаты: Балаларды саусақпен сурет салуға үйрету, қызыл қағаз</p>	<p>"Шығармашылық" 1. Музыка Тақырыбы: «Машина» К. Қуатбаев Мақсаты: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» қосарлана билеу. "Денсаулық" 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сызықты басып кетпе» Мақсаты: Балаларды қатарда жұппен жүруге, нұсқаушының нұсқауымен тапсырмаларды орындауға үйрету, доғаның астымен төрттағандап жүру, шағын</p>	<p>"Таным" 1. Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүл қонақ күтуде» Мақсаты: Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты қарапайым тәсілдерін қалыптастыру: «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. "Денсаулық" 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ирек жолмен жүру» Мақсаты: Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру. Шектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге</p>	<p>"Таным" 1. Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу. "Шығармашылық" 2. Жапсыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Қиылған кесінділерді тәрбиешінің нұсқауымен түстеріне қарай, түстердің үйлесімділігін сақтай отырып орналастыруға және ұқыпты жімьс жасауға үйрету. Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру,</p>	<p>"Денсаулық" 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқ іздерін басып, құлап кетпей жүру» Мақсаты: Балалардың қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейту. Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу. Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру.</p>

		<p>бетіне бірқалыпты таңба сияқты бояуды жағу арқылы сурет салуға деген қызығушылығын, жақсы көзқарасын дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сурет салу, қорытынды.</p> <p>Жүру барысы:</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>Шаттық шеңбері: Күндей жарқырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жайнап, Судай таза көңілмен. Бүгінгі күнімізді бастайық!</p>	<p>жерде жүруде тепе – теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрсету, ойын, қорытынды.</p> <p>Жүру барысы:</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Арайлап таң айтты Алтын сәуле таратты Қайырлы таң,балалар! Қайырлы таң,апайлар!</p> <p>Балаларға «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету</p> <p>Суретпен жұмыс:</p> <p>Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші»</p> <p>Мақсаты: "Үлкен-кіші" ұғымдарын бекіту. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, "үлкен-кіші" суреттегі бейнені таба білуге үйрету.</p> <p>Сергіту сәті: Бала бала балақан Қәне қайсы алақан Саусақтарын әйбат Былай былай ойнат</p> <p>Қос тілдік: "үлкен-кіші"- "большой-маленький"</p>	<p>әңгімелесу, ойын, жапсыру, қорытынды.</p> <p>Жүру барысы:</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі:</p> <p>Шаттық шеңбері: Қол ұстасып кәне біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге !</p> <p>Сергіту сәті Бип-бип, бип дейді, Жолдан былай кет-дейді. Күшікті басуға, басуға Болмайды, болмайды машина</p> <p>Дидактикалық ойын: "Бағдаршамның көздерін орналастыр"</p> <p>Мақсаты: Балаларға түстер туралы түсінік беру. Бағдаршамның көздерінің түстерін дұрыс орналастыруға үйрету.</p> <p>Қос тілдік: көлік-машина.</p>	
Серуенге дайындық	9.45-10.05	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Өздігінен дұрыс киіне білуге үйрету. Аяқ киімдерін оң киюлерін қадағалау. Оларды дұрыс жинау, киімдеріне арналған шкафты білу. Далаға шыққанда жүгірмеуін ескерту.				

Серуен	10.05-11.30	<p>Бақылау: Құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту. 2.Еңбек: Жерге түскен жапырақтарды жинауға көмектесу. 3.Қимылды ойын: "Ұшақтар". 4.Жеке жұмыс: Бақытжанға күз киімдерін атату. 5.Еркін ойындар: Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>Бақылау: Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Мақсаты: Үлкендердің еңбегін бағалап, оларға көмектесу керектігін айтып,ауланы таза ұстауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. 3.Қимылды ойын: "Күн мен жаңбыр" 4.Жеке жұмыс: Сафияға оң мен солды ажыратқызу. 5.Еркін ойындар: Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>Бақылау: Көліктерді бақылау: Мақсаты: Көліктердің турлерін айтып,олардың әр түрлі қызмет атқаратынын түсіндіру.Түрлерімен таныстыру. 2.Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинап,айналаны таза ұстауға көмектестіру. 3.Қимылды ойын: "Кішкене құс және балапандары" 4.Жеке жұмыс: Алиге жапырақтардың түстерін ажыратқызу. 5.Еркін ойындар: Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Балаларға жаңбырдың пайдасы туралы түсіндіру. Оның жай немесе қатты жауын екенін ажыратуды үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңын жинауға көмектесу. 3.Қимылды ойын: "Құстар ұшып барады" 4.Жеке жұмыс: Дарияға түстерді ажыратуды үйрету. 5.Еркін ойындар: Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>Бақылау: Жүргізуші еңбегін бақылау. Мақсаты: Жүргізушінің еңбегін бағалау. Жүргізуші көлік жүргізгенде оларға кедергі жасамауды түсіндіру. 2.Еңбек: Ауладағы жапырақтарды жинау. 3.Қимылды ойын: "Ақ қоян отыр" 4.Жеке жұмыс: Адинаға жыл мезгілін айтқызу. 5.Еркін ойын: Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>
Серуеннен оралу	11.30-11.50	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету,құрғатып сүртулерін қадағалау.				
Түскі ас	11.50-12.30	Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту.Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу.Асты төкпей мұқият ішуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Рахмет сөзін айтқызу. Тамақтан соң үстелдерін жинап қоюға үйрету.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Балаларды «Маша мен аю» ертегісімен ұйықтату.	Қ.Әбілдинанаң «Ұйықасын тыныш сәбилер» әуенімен ұйықтату.	Балаларды «Бауырсақ» ертегісімен ұйықтату.	«Көбелектер» өлеңімен ұйықтату.	Жәй психологиялық әуенмен ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.00-15.30	Балаларды біртіндеп ояту, шынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру. Төсектерінде керілу-созылу, тұру дене жаттығуларын жаттықтыру. Беті қолдарын жуу.Өздігінен киінуге баулу.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балаларды өздіктерінен ұқыпты тамақтануларына, кесені дұрыс,орынды қолдана білуге үйрету.Өз орындарына ыңғайлы отыруларын естеріне салу.				

<p>Ойындар, деру с әрекет.</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.00-16.20</p>	<p>Балаларға "Алтын жұмыртқа" ертегісін фланеграфта көрсету арқылы айтып беру.Ертегі арқылы тілдерін дамыту.</p> <p>Амина мен Кәусарға ертегі кейіпкерлерін қайталау.</p>	<p>Балалармен үйренген әндерінің сөзін жаттау,әнімен қосылып, бір-бірінен қалыспай айтуға, қимылын орындауға үйрену.</p> <p>Қасымқан мен Алиге бір-бірімен дос болу керектігін айту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Сыңарын тап" Мақсаты:Ойлануы мен есте сақтауларын дамыту.</p> <p>Қайсармен Ясминаға түстерді айтқызу.</p>	<p>Сюжеттік рольдік ойын: "Үй саламыз" Мақсаты: ойынды қызығушылықпен ойнауға,қарапайым іс әрекеттерді үлкендер көмегімен орындауға тәрбиелеу.</p> <p>Каусар мен Аялаға отбасы мүшелерін атау.</p>	<p>Табиғат бұрышындағы жұмыстар: Гүлдерге су құю,жапырақтарын сұрту.Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру. Бақытжан мен Дарияға түстерді айтқызу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.20-16.40</p>	<p>Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру. Киімдерін ретімен киюге үйрету. Аяқ кімдерін оң киюлерін қадағалау. Сөрелерін жинап кетуге дағдыландыру,</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.40-17.40</p>	<p>Көліктерді бақылау. Қимылды ойын: "Маған қарай жүгіріңдер" Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту, шапшандыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар:</p>	<p>Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Қимылды ойын: "Автомобиль" Мақсаты: Балалар ды бір-біріне соқтығыспай жан -жаққа жүгіруге, тәрбиеші берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертпеуге,өз орынын табуға үйрету. Еркін ойындар:</p>	<p>Тастарды бақылау. Қимылды ойын: "Жол бойында" Мақсаты: Қатарға тұруға,адымдап жүруге,секіруге және белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Еркін ойындар:</p>	<p>Жаңбырды бақылау. Қимылды ойын: "Қақпаға" Мақсаты: Балаларды еңбектеуге, кедергілерден өтуге,тепе-тендікті сақтап жүруді үйрету. Еркін ойындар:</p>	<p>Жүргізуші еңбегін бақылау. Қимылды ойын: "Таяқтан аттап өт" Мақсаты: Кішігірім топ болып,бір-бірінің артынан,шашыраңқы жүруге,жүгіруге үйрету.Ептілікті,тепе-тендікті сақтауды жаттықтыру. Еркін ойындар:</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>17.40-18.00</p>	<p>Қатармен жүріп жүгірмеуге үйрету. Киімдерін, аяқ киімдерін жинап қоюларын қадағалау.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>18.00-18.30</p>	<p>Балаларды үйге кетуге рұқсат сұрауға үйрету арқылы тілдерін дамыту.</p>	<p>Балабақшада не үйренгендерін сұрай отырып, балалармен күнделікті сөйлесіп отыруларына ата-аналарға кеңес.</p>	<p>Аптадағы тапқакты қайталауға айту</p>	<p>Ата - аналарға төлем ақыларын айту.</p>	<p>Демалыстарына сәттілік тілеу.</p>